

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚТАР ТИІМДІЛІГІНІҢ КӨРСЕТКІШІ БОЙЫНША КӨШ БАСТАП ТҰР

Жазған 21 Мамыр, 2019 - 15:36

[На страницу всех новостей](#) [1]



[2]

Индустриялық жобаларды іске асыруға инвестиция тарту бойынша өңір республика бойынша рейтингте көш бастап тұр, сондай-ақ, индустриялық аймақтар (ИА) мен орналастырылған жобалар саны бойынша екінші орында.

Мәселен, индустриялық аймақтарда жобаларды іске асыруға 65,2 млрд. теңге инвестиция тартылды, бұл - республика бойынша ең үздік көрсеткіш.

Облыста 6 индустриялық аймақ құрылды. Онда жалпы сомасы 192 млрд.теңгеге 48 жоба жүзеге асырылады.

Атап өту қажет, барлық индустриялық аймақтардың инфрақұрылымына 6,7 млрд. теңге бюджет қаражаты жұмсалып, инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен 1 бюджеттік теңгеге 13,4 теңге қайтарымды жеке инвестиция тартылды.

Облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының мәліметіне сәйкес, өңірде 500-ден астам жұмыс орнын қамтитын 16 жоба іске қосылған. Олардың қатарында өткен жылы желтоқсан айында мерзімінен бұрын іске қосылған ірі жоба - тампонажды цемент шығару зауыты бар. Кәсіпорын ағымдағы жылдың сәуір айында 10 мыңға жуық тонна сынама цемент өндірді. Жыл соңына дейін 500 мың тонна өнім өндіріп, жобалық қуаттылықты 50%-ға игеруді жоспарлауда. Қазіргі таңда кәсіпорында 250 адам жұмыспен қамтылып отыр.

Бүгін ҚР Үкіметі отырысында арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды дамыту мәселелері қаралып, Индустрия және инфрақұрылымдық даму, энергетика министрліктерінің, "Самұрық-Қазына" ҰАҚ мен облыс әкімдерінің баяндамалары тыңдалды. ҚР Үкіметінің селекторлық отырысында Қызылорда облысының индустриялық аймақтарды дамыту бойынша оң тәжірибесі атап өтілді.

[Официальный портал Акимата Кызылординской области newsletter](#) [3]

**Категория:** [Аумақтың жаңалықтары](#) [4]

**Категория:** [Аумақтың жаңалықтары](#) [4]

**Source URL:** <https://econom.e-kyzylorda.gov.kz/?q=kk/news/kyzylorda-oblysy-industriyalyk->

[aymaktar-tiimdiliginin-korsetkishi-boyynsha-kosh-bastap-tur](#)

**Links:**

[1] <https://econom.e-kyzylorda.gov.kz/?q=kk/news>

[2] [https://econom.e-kyzylorda.gov.kz/sites/default/files/IMG/news/2019/arka\\_2.jpg](https://econom.e-kyzylorda.gov.kz/sites/default/files/IMG/news/2019/arka_2.jpg)

[3] <https://econom.e-kyzylorda.gov.kz/?q=kk/newsletter/oficialnyy-portal-akimata-kyzylordinskoy-oblasti-newsletter>

[4] <https://econom.e-kyzylorda.gov.kz/?q=kk/taxonomy/term/707>